



Авангард

<http://avangard-zhitikara.kz/>

Издается с 1931 года.

Среда, 19 апреля 2023 года, № 15 (9663)

«Өнеріміз саған, Қазақстан!» облыстық байқау фестивалі туралы ақпарат



Ағымдағы жылдың 10 сәуірде Жітіқара ауданының Мәдениет Сарайында «Өнеріміз саған, Қазақстан!» атты XXXVI облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы байқау фестивалі өтті. Фестиваль Жітіқара қаласының 95-жылдығы мен Ақсұлу Орысбайқызының 150-жылдығына арналды. Байқау басында кіреберісте Аудандық Мұражай және кітапхана қызметкерлері «Тірлігі баянды, қазыналы мекен-тұған өлкем» көрме дайындап, қолдан жасалған ою-өрнектермен безендіріліп жасалған қолөнерлерімен таныстырып өтті. «Тильда» стиліндегі тоқыма қуыршақтарын жасау шебері – С.Конюшевич, Г.Мұқанова-моншақтар мен кристалл тастардан жасалған сәндік түйреуіштер, Ә.Танатарова – Жағалбайлы танбасы белгіленген картинасы, декор, шамдар, сағаттар, Е.Степанова – ілмекпен тоқу және сонымен қатар Д.Қызылбасова – тоқылған қуыршақтар, Г.Грибиниченко – ленталармен көлемді тоқымалар, С.Фадеева – фетрден жасалған сәндік кілемдер және – сыртқы жарнама, мөрлер, штамптар, рамкалар мен кәдесыйлар «Киселёв М.Н.»

ЖК. Колледж - робототехника, шығармашылық мектебі-тоқылған манекен, Бүркіт композициясы, тоқылған шар картасы, суреттер осы аталған кісілердің еңбегі дәлізіміздің көркін кіргізіп сән беріп тұрды. «Қазақ домбырашылар ансамблі» «Тепең көк» күйімен облыстан келген қонақтарды құшақ жая қарсы алды.

Фестиваль үш бөлімнен тұратын, бірінші бөлімінде Республика бейнесі және Қазақстан картасы көрсетіліп сахна шымылдығы ашылды. Содан кейін домбыраның сүйемелдеуімен Арнаумен ақындар шықты (Боранбаева К., Ідірісов А., Дүйсебаев А., Сисенбай Ж.) оған қоса жас ақындар да қарап қалмай өз арнау өлеңдерін айтты. Қара домбырамен шертілген «Інжу маржан» термесі (Журабеков Ж.) де көзден тыс қалмады, «Шабыт» қазақ биі, «Свой стиль» би студиясының үлгілі тобы (Жетекшісі Панкова А.М.), «Заряница» фольклорлық ансамблінің орындауында «Ночка луговая» әні (Жетекшісі Шуклецова Л.Г.). Жанахановтардың орындауында отбасылық «Ел тілегі» атты әні, «Қазағмай» әнін Аюпова Ясмин орындады (Жетек-

шісі Мазуренко И.), «Этюд» театры «Сочинитель» әдеби музыкалық композициясы (Жетекшісі және авторы Супатаева А.В.), алғашқы рет Ансамбль ложкарей «Барыня» композициясымен өнер көрсетті (Ырсай селолық жетекшісі Кулакова Л.М.), Монғол биі «Салхит шувуу» «Танцевальная графика» Халықтық эстрадалық би ансамблі (Жетекшісі Тарнаруцкая Я.В.), «Жұлдыздар» вокалдық квартеті «Здравствуй, Родина!» әні, (Жетекшісі Огородникова С.Г.), инструменталдық оркестрінің орындауындағы «Күз бол!»; «Перекресток» әсем әндері (10 регион вокалдық-аспаптық ансамблі, жетекшісі Охотюк А.И.), Көркем сөз «Посвящение потомкам» мәнерлеп оқу (И.А. Дулида), инструментальный ансамбль «Вдохновение», «Либертанго» композициясы, (Жетекшісі Огородникова С.Г.), «Самғау» вокалдық тобы «Historia De Un Amor» әні, «Румба» махаббат биі, (Тарнаруцкая Я.В., Герфанов М.М.), «Con Te Partio» опералық әні (С.Бондаренко және Ю.Хмельническая), «Самғау» вокалдық тобы орындауындағы «Менің Отаным» атты ән орындалып өнерпаздар сахнаны жандандырып, өте

жақсы көңіл-күймен жақсы балдармен фестиваль аяқтады.

Қазылар алқасының құрамы: Әзімжанова С.Е. - төраға, Қостанай облысы мәдениет басқармасы басшысының орынбасары.

Қалқаев Д.Е. - Облыстық көркемөнерпаздарының халық шығармашылығы мен кинобейнекор орталығының басшысы.

Жақаева С.Ө. - ҚР мәдениет саласының үздігі, педагогика ғылымдарының кандидаты, Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармониясының жастар камералық хорының жетекшісі және дирижері.

Доспанова С.М. - Қостанай педагогикалық колледжі хореография бөлімінің меңгерушісі.

Жаркенов Қ.С. - Облыстық көркемөнерпаздарының халық шығармашылығы мен кинобейнекор орталығының хореографиялық топтардың әдіскері, педагогикалық колледжі хореограф бөлімінің ұстазы.

Хамитов М.С. - Облыстық көркемөнерпаздарының халық шығармашылығы мен кинобейнекор орталығының ұлттық жанр әдіскері, Облыстық филармония Казак оркестрінің және Ақжелен ан-

ҚҰРМЕТТІ ЖІТІҚАРАЛЫҚТАР!

Баршаңызды барлық мұсылман қауымы үшін ұлық мереке – Ораза айт мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Ораза айт – қонақжайлық пен мейірбандылықтың, достық пен татулықтың мерекесі. Ізеттілік пен ізгілікке, бірлік пен игілікке үнемі бұл мейрам Қазақстан елімізде тұратын түрлі ұлттар мен ұлыстарды ынтымаққа ұйыстыра түседі.

Ораза айт күндері әр мұсылман туған-туыстары мен бауырларына қамқорлық көрсетіп, мұқтаж жандарға қол ұшын созып, өзінің рухани дамуына зор мән береді. Бір ай бойы төзімділік танытып, ықыласпен қайырымдылық жасаған мұсылмандардың құрмет пен марапатқа, қуаныш пен сауапқа кенелетін сәт.

Халқымызда «Дін тірегі - имандылық» десе, имандылық әр адамды тек жақсы қасиеттерге тәрбиелейді. Әділет пен нарасат жолымен ғана жүруге үнемі.

Қазақстан – бейбіт өмір мен жасампаздықтың мекені. Өзге діни сенімдерге құрмет, толеранттылық пен адамгершілік құндылықтар – халқымызға тән игі қасиеттер. Ислам діні Отанға деген сүйіспеншілік пен ұлттық дәстүрге берік қоғамымыздың рухани жаңғыру идеясына толық сай келеді.

Құрметті жітіқаралықтар! Сіздерді әлем мұсылмандарының мерекесі Ораза айтпен құттықтай отырып, әрбір шаңыраққа баянды бақыт, отбасыларыңызға амандық, елімізге береке-бірлік тілеймін!

Халқымыздың береке-бірлігі мен ырысы несібесі әрдайым артта берсін!

Жітіқара ауданының әкімі Н. УТЕГЕНОВ.

Жітіқара ауданының учаскелік сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!
2023 жылғы 30 сәуірде

Жітіқара ауданы Забелов аулы әкімінің сайлауы өтеді!

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңы 38-бабының 2 тармағына сәйкес дауыс беру уақыты мен орны туралы хабарлаймыз:

Сайлау учаскелерінде дауыс беру сағат 7.00-ден сағат 20.00-ге дейін өтеді.
№ 387 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Забелов ауылы, Комсомольская көшесі, құрылыс 49А, мектеп ғимараты тел.: 92477.

Сіздерді Жітіқара ауданы Забелов аулы әкімінің сайлауына қатысуға шақырамыз. Өзіңізбен бірге жеке басты куәландыратын құжат болуы тиіс.

СООБЩЕНИЕ

участковой избирательной комиссии Житикаринского района

Уважаемые избиратели!

30 апреля 2023 года состоится выборы акима
села Забеловка Житикаринского района!

В соответствии с пунктом 2 статьи 38 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» сообщаем о времени и месте голосования:

Голосование проводится на избирательных участках с 7.00 до 20.00.

Избирательный участок № 387

Местонахождение: с. Забеловка, ул. Комсомольская, строение 49А, здание школы, тел.: 92477.

Приглашаем вас принять участие в выборах акима села Забеловка Житикаринского района. При себе иметь документ, удостоверяющий личность.